

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 қыркүйектегі № 737 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

*Казакстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министри*

*K. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) ратификациялау туралы**

2015 жылғы 9 маусымда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісім (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) ратификациялансын.

*Казакстан*

*Республикасының*

*Президенті*

**№ 8463-KZ ҚАРЫЗ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ арасындағы Қарыз туралы келісім (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) 2015 жылғы 9 маусым күні ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

2015 жылғы \_\_\_\_\_ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ («Қарыз алушы») мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ («Банк») арасындағы келісім. Осы арқылы Қарыз алушы мен Банк мыналар туралы уағдаласты:

**I БАП — ЖАЛПЫ ШАРТТАР; АНЫҚТАМАЛАР**

1.01. Жалпы Шарттар (осы Келісімге қосыншада айқындалған) осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.02. Егер түп мәтінінен өзгеше туындамаса, онда осы Келісімде пайдаланылатын, бас әріптерден басталатын терминдер Жалпы Шарттарда немесе осы Келісімге Қосымшада оларға бекітіл берілген мағыналарға ие болады.

## II БАП — ҚАРЫЗ

2.01. Банк Қарыз алушыға сипаттамасы осы Келісімге 1-толықтырудың келтірілген жобаны («Жоба») қаржыландыруға жәрдем көрсету мақсатында осы Келісімде жазылған немесе оған сілтеме жасалған мерзімде және шарттармен, осы Келісімнің («Қарыз») 2.08-бөлімінің ережелеріне сәйкес валюта айырбастау арқылы айырбастауға болатын сексен сегіз миллион АҚШ долларына (88 000 000 АҚШ доллары) тең соманы  
б е р у г е к е л і с е д і .

2.02. Қарыз алушы Қарыз қаражатын осы Келісімге 2-толықтырудың IV бөліміне сәйкес а л у ғ а                            құқылды .

2.03. Қарыз алушы төлеуге тиіс біржолғы комиссия Қарыз сомасының бір пайзызының төрттен бірін (0,25%) құрайды. Қарыз алушы біржолғы комиссияны осы Келісім күшіне енген күннен кейін алпыс (60) күннен кешіктірмей төлейді.

2.04. Қарыз алушы төлеуге тиіс резервке қойғаны үшін комиссия Қарыздың алынбаған қалдығынан жылдық бір пайыздың төрттен бірін (0,25%) құрайды.

2.05. Қарыз алушы әрбір пайыздық кезең үшін төлеуге тиіс пайыздар Қарыз валютасы үшін референттік мөлшерлемеге өзгермелі спрэдті қосқанға тең мөлшерлеме бойынша есепке жазылатын болады; Қарыздың негізгі сомасының барлығын немесе кез келген бөлігін конверсиялау кезінде осы сома бойынша конверсиялау кезеңі уақытында Қарыз алушы төлеуге тиіс сыйақы мөлшері Жалпы Шарттардың IV бабының ережелеріне сәйкес айқындалуы мүмкін болады. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, егер Қарыздың алынған өтелмеген қалдығы бөліктерінің кез келгені уақтылы төленбей қалса және отыз күн ішінде төленбесе, онда Қарыз алушы төлеуге тиіс сыйақы мөлшері мұндай жағдайда Жалпы Шарттардың 3.02 (e) бөлімінің ережелеріне сәйкес есептеледі.

2.06. Эр жылдың 15 маусымы және 15 желтоқсаны төлем күндері болып табылады.

2.07. Қарыздың негізгі сомасы осы Келісімге 3-толықтырудың келтірілген өтеу кестесіне сәйкес өтеді .

2.08. (a) Қарыз алушы кез келген уақытта борышты ұтымды басқаруды қамтамасыз ету үшін Қарыз шарттарының мынадай конверсияларының кез келгенін жүргізуіді сұра алады :

(i) макулданған валютага алынған да, алынбаған да Қарыз Валютасының Қарыздың негізгі сомасының барлығын немесе кез келген бөлігін өзгерту;

(ii) мыналарға: (A) өзгермелі мөлшерлемеден тіркелген мөлшерлемеге немесе керісінше Қарыздың алынған және өтелмеген негізгі сомасының барлығын немесе кез келген бөлігіне; немесе (B) референттік мөлшерлемеге және өзгермелі спрэдке

негізделген өзгермелі мәлшерлемеден тіркелген референттік мәлшерлеме мен өзгермелі спрэдке негізделген өзгермелі мәлшерлемеге немесе керісінше Қарыздың алынған және өтелмеген негізгі сомасының барлығына немесе кез келген бөлігіне; немесе (С) өзгермелі спрэдке негізделген өзгермелі мәлшерлемеден тіркелген спрэдке негізделген өзгермелі мәлшерлемеге Қарыздың алынған және өтелмеген барлық негізгі сомасына қолданылатын пайыздық мәлшерлеме базисін өзгерту; және

(iii) өзгөрмелі мөлшерлеме немесе референттік мөлшерлеме үшін пайыздық мөлшерлеменің жоғарғы шегін немесе төменгі шегін белгілеу арқылы Қарыздың алынған және өтелмеген негізгі сомасының барлығына немесе кез келген бөлігіне қолданылатын өзгөрмелі мөлшерлеменің немесе референттік мөлшерлеменің шегін айқындау.

(б) Осы бөлімнің (а) тармағына сәйкес сұратылған, Банк қабылдаған кез келген өзгеріс Жалпы Шарттарда айқындалғандай «Конверсия» болып саналады және Жалпы Шарттардың IV бабы мен Конверсия жөніндегі нұсқаманың ережелеріне сәйкес күшіне енеді.

## III БАП – ЖОБА

3.01. Қарыз алушы өзінің Жоба мақсаттарын ұстанатыны туралы мәлімдейді. Осы мақсатта Қарыз алушы Жалпы Шарттардың V бабының ережелеріне сәйкес Жобаны Білім және ғылым министрлігі (БГМ) арқылы іске асырады.

3.02. Егер Қарыз алушы мен Банк арасында өзгеше келісілмесе, Қарыз алушы осы Келісімнің 3.01-бөлімінің ережелері үшін шектеусіз, осы Келісімге 2-толықтырудың ережелеріне сәйкес Жобаны іске асыруды қамтамасыз етеді.

## IV БАП – КУШНЕ ЕНУ; ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ

4.01. Күшіне енуінің қосымша шарттары мыналар болып табылады:

(а) БФМ осы Келісімге 2-толықтырудың I.A.2.-бөлімінде көрсетілгендей ЖБТ құру тұралы бүйрек шығарады.

(б) Банк үшін қанағаттанарлық Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқаманы Қарыз алуышы БФМ арқылы кабылдауды.

4.02. Осы Келісімге қол қойылған күннен кейін бір жұз сексен (180) күн өткен соң басталатын күн осы Келісім күшіне енетін соңғы мерзім болып табылады.

## ҰБАП – ӨКІЛ: МЕКЕНДЖАЙЛАР

5.01. Қарыз алушының өкілі Қаржы министрі болып табылады.

## 5.02. Қарыз алушының мекенжайы: Каржы министрлігі

Ж е н і с                даңғылы ,                1 1  
 А с т а н а ,                0 1 0 0 0 0  
 Қазақстан                Ресpubликасы  
 Т е л е к с :                                         Ф а к с :  
 265126        (FILIN)        (7)        (7172)        717785  
 5 . 0 3 .        Банктің                мекенжайы:  
 Халықаралық        Қайта        құру        және        Даму        Банкі  
 1 8 1 8        Н ,        N . W .        көшесі  
 Вашингтон,        Колумбия        округі,        20433  
 Америка        Құрама        Штаттары  
 Телеграф        мекенжайы:        Телекс:        Факс:  
 INTBAFRAD                248423(MCI)        немесе 1-202-477-6391  
 Washington, D.C.        64145(MCI)

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ жоғарыда көрсетілген күні және жылы  
 КЕЛІСІЛДІ.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШИН**

**К і м м е н :**

У ә к і л е т т і                                         ө к і л  
 Т.А.Ә.:  
 Лауазымы: \_\_\_\_\_  
**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ**  
**ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ҮШИН**  
 К і м м е н :

У ә к і л е т т і                                         ө к і л  
 Т.А.Ә.:  
 Лауазымы: \_\_\_\_\_

## **1-ТОЛЫҚТЫРУ Жобаның сипаттамасы**

Жобаның мақсаты жоғары сапалы, ел үшін өзекті зерттеулер жүргізуді және  
 технологияларды коммерцияландыруды ынталандыруға саяды.  
 Жоба мынадай бөліктерден тұрады:  
1-бөлік Инновациялар үшін білім қорын дамыту

Жоғары сапалы, ел үшін өзекті ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер, сондай-ақ Кіші  
 Ғылыми Қызметкерлер Топтары үшін Гранттар, Аға Ғылыми Қызметкерлер Топтары  
 үшін Гранттар және Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін  
 қолдауға арналған Гранттар беру арқылы адами капиталды дамыту бойынша

іс-шаралар

өткізу ді

ынталандыру.

2-бөлік      Инновациялық      консорциумдар

а) Өндірістік Сектор Консорциумдары үшін Гранттар беру арқылы Қарыз алушы экономикасының өндірістік секторларын жақсарту мақсатында ғылыми-зерттеу қызметіне қатысты қолданылатын; және б) әлеуметтік қызметтер көрсетуге, оның ішінде Инклюзивті Инновациялар Консорциумдары үшін Гранттар беру арқылы қала және ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруға қатысты қолданылатын Қазақстанда жұмыс істеп тұрған ғылыми-зерттеу институттары, жобалау бюrolары мен инженерлік және ғылыми бейіндердегі зертханалар арасында ынтымақтастыққа ж ә р д е м д е с у .

3-бөлік Технологияларды коммерцияландыру циклін шоғырландыру  
Стартап-компанияларды дамытуға:

А. Венчурлық ерте қаржыландыру қорын («ВЕҚҚ» қоры) ВЕҚҚ Кіші жобаларын қаржыландыру, оның ішінде басқару бойынша қолдау көрсету үшін ВЕҚҚ-ға инвестициялар ұсыну мақсатында қалыптастыру;

Б. Инновациялар саласындағы брокерлік қызмет пен мәмілелер ағынын ЖІН-де жазылған критерийлерге сәйкес генерациялау арқылы технологиялар мен инновациялық идеяларды тіршілікке қабілетті коммерциялық жобаларға дамыту бойынша консультациялық қызметтер көрсету;

С. Қазақстанның шегінен тыс жерлерде Технологиялық жеделдегу кеңселерін құру және басқару ; және

Д. Қазақстанның ірі университеттерінде бұрыннан бар Технологиялар трансферті кеңселерінің әлеуетін арттыру және оқытулар өткізу арқылы олардың институционалдық мүмкіндіктерін нығайтуды дамытуға жәрдемдесу.

4-бөлік Ұлттық Инновациялық Жүйені үйлестіруді күшету;  
Бұрыннан бар институционалдық құрылымдардың әлеуетін  
У л ф а й т у

ЖІН-де ұсынылған критерийлерге сәйкес тауарларды беру мен консультациялық қызметтер көрсету арқылы экономиканың мемлекеттік және жекеше секторларында инновациялар енгізу процесін бақылау бойынша ресми тұғырнаманы қамтитын, инновациялық обсерватория әзірлеу және іске қосу жолымен негізгі мұдделі тараптардың, сондай-ақ Қарыз алушының Ұлттық Инновациялық Жүйедегі мұдделі мемлекеттік органдары мен министрліктері арасындағы үйлестіруді жақсартуға ж ә р д е м д е с у .

5-бөлік      Жобаны      іске      асыруды      қолдау

Жобаны басқаруды, мониторингтеу мен бағалауды, хабардар болуды арттыруды және әлеуетті нығайтуды жүзеге асырудада ЖБТ-ны қолдау.

## **2-ТОЛЫҚТЫРУ Жобаны орындау**

### **I бөлім. Іске асыру тетіктері Институционалдық тетіктер.**

1. Қарыз алушы БФМ арқылы Жобаны ЖІН-де жазылған талаптарға, критерийлерге, үйымдастыру тетіктері мен операциялық ресімдерге сәйкес іске асырады.

2. Қарыз алушы БФМ арқылы функциялары және міндеттері (оның ішінде Жобаға байланысты күнделікті іс-шараларды орындауда БФМ-ге жәрдемдесу міндеті), білікті және тәжірибелі персоналы (оның ішінде директор, сатып алу жөніндегі маман, қаржылық басқару жөніндегі маман, мониторинг және бағалау жөніндегі маман, қауіпсіздік шаралары жөніндегі маман және бухгалтер) және Банктің талаптарын қанағаттандыратын жеткілікті ресурстары бар Жобаны Басқару жөніндегі Топты (ЖБТ) қалыптастырады және одан әрі іске қосады және Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде одан әрі іске қосады әрі қолдайды.

3. Қарыз алушы Банкпен алдын ала келісімінсіз, ЖІН-нің кез келген ережесін қайта табыстауға, оған өзгерістер енгізуге, оның күшін жоюға немесе бас тартуға құқылы е м е с .

4. Қарыз алушы БФМ арқылы Жобаның Басқару Комитетін құрады және Банк үшін қолайлы құраммен (басқалармен қатар, БФМ Қаржы департаментінің, БФМ Заң департаментінің өкілдерін, ЖБТ жетекшісін қамтитын және Жобаның іске асырылуына жетекшілік ететін БФМ вице-министрінің төрағалығымен), басқалармен қатар мынадай: (i) БФМ-ді Жобаны толық іске асыру жөніндегі стратегиялық нұсқамамен қамтамасыз ету; (ii) Жоба бойынша жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын, Жобаның бюджеті мен тиісті Сатып алу жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Жобаның мақсатына қанағаттанарлықтай қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін прогресті анықтау және түзету ұсыныстарын БФМ-нің қарауына енгізу мақсатында Жобаның мониторингі мен оны бағалау деректеріне үнемі шолу жасап отыру; (iii) Жобаны үйлестіру және оның іске асырылуына байланысты негізгі саяси мәселелер бойынша негізгі мұдделі тараптардың арасында консенсусқа қол жеткізуге жәрдемдесу; және (iv) инновациялар саласындағы реформалардың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу міндеттерін қамтитын функциялармен және міндеттермен оны одан әрі қолдайтын болады.

5. Қарыз алушы БФМ арқылы Ғылым Қорына сүйенетін болады және барлығы ЖІН-ге сәйкес, басқалармен қатар, іске асыру жоспарларының техникалық аспектілерін әзірлеуді және олардың мониторингін (жұмыс бағдарламалары мен бюджеттерді), техникалық тапсырмалардың техникалық аспектілерін дайындауды, Кіші жобалардың грант алушыларын іріктеу процесіне қатысады, Кіші жобалар нәтижелерінің техникалық аспектілерінің мониторингін, Жоба мониторингінің индикаторлары туралы техникалық деректер жинауды қоса алғанда, Жобаның техникалық аспектілерінде Ғылым қорының БФМ-ге қажетті көмек көрсетуін қамтамасыз етеді.

6. Жалпы шарттардың 5.03-бөлімінің ережелері үшін шектеусіз, Қарыз алушы Жобаның 4 және 5-бөліктерін іске асыру үшін БФМ-ді жедел түрде және қажеттігіне қарай қаржыландырумен және басқа да ресурстармен қамтамасыз етеді.

7. Қарыз алушы БФМ арқылы FKXK құрады және Банк үшін қолайлы, біліктілігі мен тәжірибесі бар персоналмен (басқалармен қатар, физикалық химияны, геофизикалық және инженерлік ғылымдарды, математиканы, биомедицинаны немесе биоинженерияны, экологиялық ғылымдарды, ақпараттық технологиялар мен электрониканы, материалтануды қоса алғанда, Қарыз алушы үшін стратегиялық маңызы бар ғылыми қызмет салаларында біліктілігі мен тәжірибесі бар ғылыми қызметкерлерді қоса алғанда), сондай-ақ Банктің талаптарын қанафаттандыратын ресурстармен және техникалық тапсырмалармен Жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде оның қызметін қамтамасыз етеді.

8. Қарыз алушы БФМ арқылы Жобаға байланысты барлық ғылыми мәселелер бойынша әдістемелік нұсқаманы, оның ішінде АФҚТ үшін Гранттар, КФҚТ үшін Гранттар және Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттарды алушыларды іріктеу бойынша және олардың ғылым мен коммерцияландыру жөніндегі прогресінің мониторингі бойынша әдістемелік нұсқаманы қамтамасыз ету жөніндегі FKXK-ге жағдайлар жасайды, бұл ретте көрсетілгенниң барлығы ЖІН-де және ТКІНЖ-де жазылған талаптарға, критерийлерге, ұйымдастыру тетіктері мен операциялық рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қарыз туралы келісім күшіне енген күннен кейін алты (6) ай ішінде Қарыз алушы БФМ арқылы, басқалармен қатар, осы Толықтырудың II.B.2-бөлімінде көрсетілген аралық аудиттеген қаржылық есептерді генерациялау үшін пайдаланылатын, жаңа қаржылық басқару жүйесін әзірлейді және пайдалану үшін іске қосады.

## B . К і ш і ж о б а л а р

1. Жобаның I бөлігі шенберінде қандай да бір кіші Ғылыми Қызметкерлер Тобының кіші жобасын, Аға Ғылыми Қызметкерлер Тобының кіші жобасын немесе Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдаудың кіші жобасын іске асыру мақсатында Қарыз алушы БФМ арқылы ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлері мен рәсімдерге сәйкес КФҚТ үшін гранттарды, АФҚТ үшін гранттарды және Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттарды ұсынады. Қандай да бір кіші Ғылыми Қызметкерлер Тобының кіші жобасы, Аға Ғылыми Қызметкерлер Тобының кіші жобасы немесе Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдаудың кіші жобасы бойынша әрбір өтінім:

(a) нарыққа бағдарланған және халықаралық ауқымда ғылыми бәсекеге қабілетті болуға;

(b) жергілікті немесе шетелдік коммерциялық компаниялармен зерттеу әріптестіктерін жолға қою мүмкіндіктерін қоса алғанда, Қазақстанның қазіргі немесе болашақ ғылыми, экономикалық және өнеркәсіптік дамуы үшін өзекті болуға;

с) түлектер мен студенттер үшін тәлімгерлікті қамтамасыз ету және ғалымдардың жаңа буынын тәрбиелеу мақсатында тағылымдамалар ұйымдастыру жөніндегі жоспарларды

қ а м т у ғ а ;

(d) мультипәндік зерттеулер жүргізуде әлеуеті және мұddeлілігі болуға;

(e) университеттерде, орта мектептерде және жүртшылықпен жүргізілетін ақпараттық-ағарту жұмысы бойынша ұсыныстарды қамтуға;

(f) ЖІН-де, Сатып алу жөніндегі нұсқамада және ТҚІНЖ-де көзделген қағидаттар мен рәсімдерге сәйкес іріктелген, бағаланған және іске асырылған болуға тиіс.

2. Жобаның 2-бөлігі шенберінде Өндірістік Сектор Консорциумдарының немесе Инклюзивті Инновациялар Консорциумдарының қандай да бір кіші жобасын іске асыру мақсатында Қарыз алушы БФМ арқылы ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлері мен рәсімдерге сәйкес ӨСК Гранттары мен ИИК Гранттарын ұсынады. Өндірістік Сектор Консорциумдарының немесе Инклюзивті Инновациялар Консорциумдарының қандай да бір Кіші жобасына берілген әрбір өтінім:

(a) FKХК ұсынымы бойынша БФМ іріктеген болуға;

(b) нарыққа бағдарланған және халықаралық ауқымда ғылыми бәсекеге қабілетті б о л у ғ а ;

(c) Қазақстанның қазіргі немесе болашақ ғылыми, экономикалық және өнеркәсіптік дамуы ү ш і н ө з е к т і б о л у ғ а ;

(d) ЖІН-де, Сатып алу жөніндегі нұсқамада және ТҚІНЖ-де жазылған қағидаттар мен рәсімдерге сәйкес іріктелуге, бағалануға және іске асырылуға тиіс болады.

3. Қарыз алушы БФМ арқылы АФҚТ үшін грант туралы келісім шенберінде АФҚТ үшін әрбір Грантты, КФҚТ үшін грант туралы келісім шенберінде КФҚТ үшін әрбір Грантты, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған грант туралы келісім шенберінде Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған әрбір Грантты, ӨСК Гранты туралы келісім шенберінде ӨСК-нің әрбір Грантын және ИИК Гранты туралы келісім шенберінде ИИК-тің әрбір Грантын ұсынады, бұл ретте мұндай келісімдердің шарттары Банктің бекітуіне жатады және мыналарды қамтитын болады:

(a) АФҚТ үшін гранттар, КФҚТ үшін гранттар, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттар, ӨСК гранттары және ИИК гранттары теңгемен деноминацияланатын болады;

(b) Қарыз алушы өз мұddeлери мен Банктің мұddeлерін қорғау үшін тиісті құқықтарды, оның ішінде :

(i) мән-жайларға қарай АФҚТ үшін гранттың, КФҚТ үшін гранттың, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттың, ӨСК грантының немесе ИИК грантының қаражатын пайдалануды тоқтата тұру немесе тоқтату немесе тиісті алушы тиісінше АФҚТ үшін грант туралы келісім, КФҚТ үшін грант туралы келісім, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін

қолдауға арналған грант туралы келісім, ӨСК Гранты туралы келісім немесе ИИК гранты туралы келісім шеңберінде өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындаған жағдайда, тиісінше АФҚТ үшін гранты, КФҚТ үшін гранты, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранты, ӨСК гранты немесе ИИК гранты қаражатының барлығын немесе қандай да бір бөлігінің өтемін алу құқығын;

(ii) АФҚТ үшін гранттың, КФҚТ үшін гранттың, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттың, ӨСК грантының немесе ИИК грантының әрбір алушысынан:

(A) мән-жайларға қарай мәлімделген Кіші жобаның тиісті адалдықпен және тиімділікпен және Банк үшін қолайлы негізделген техникалық, экономикалық, қаржылық, басқарушылық, экологиялық және әлеуметтік стандарттар мен практикаға сәйкес, оның ішінде ТКІНЖ мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі нұсқаманың ережелеріне сәйкес іске асырылуын;

(B) нысаналы ресурстардың жедел қамтамасыз етілуін;

(C) осы Келісімнің ережелеріне және осы Толықтырудың III Бөлімінің (осы Толықтыруға Қосымшаны қоса алғанда) ережелеріне сәйкес, мән-жайларға қарай, АФҚТ үшін гранттың, КФҚТ үшін гранттың, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттың, ӨСК грантының немесе ИИК грантының қаражатынан қаржыландырылатын тауарлардың, кішігірім жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сатып алынуын;

(D) нақты Кіші жобаның іске асырылуы бойынша прогрестің мониторингі мен оны бағалауды жүзеге асыру және Банк үшін қолайлы индикаторларға сәйкес оның мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тиісті саясат пен рәсімдердің іске асырылуын;

(E) (1) Кіші жобамен байланысты операцияларды, ресурстар мен шығыстарды барабар көрсететіндегі етіл Банк үшін қолайлы бухгалтерлік есептің дәйекті түрде қолданылатын стандарттарына сәйкес қаржылық басқару жүйесін жүргізуі және қаржылық есептілікті дайындауды;

(2) Банктің немесе Қарыз алушының сұрау салуы бойынша Банк үшін қолайлы, дәйекті түрде қолданылатын аудит стандарттарына сәйкес, Банк үшін қолайлы, тәуелсіз аудиторлардың қаржылық есептілік аудитін жүргізуін және аудителген есептіліктің Қарыз алушыға және Банкке жедел ұсынылуын;

(F) Қарыз алушының немесе Банктің тиісті Кіші жобаны, оның қызметі мен тиісті жазбаларын және құжаттарын тексеру үшін мүмкіндіктің қамтамасыз етілуін; және

(G) Қарыз алушы немесе Банк жоғарыда көрсетілгенге қатысты негізді түрде сұрау салуы мүмкін бүкіл ақпараттың дайындалуын және Қарыз алушы мен Банкке ұсынылуын талап ету құқығын алады.

4. Қарыз алушы БФМ арқылы өз құқықтарын жүзеге асырады және әрбір АФҚТ үшін грант туралы келісімнің, КФҚТ үшін грант туралы келісімнің,

Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған грант туралы келісімнің, ӨСК гранты туралы келісімнің және ИИК гранты туралы келісімнің әрқайсының шенберінде өз міндеттемелерін Қарыз алушы мен Банктің мүдделерін қорғайтында және Қарыздың міндеттері орындалатында етіп орындайды. Егер Банкпен өзгеше келісілмеген болса, Қарыз алушының қандай да бір АФҚТ үшін грант туралы келісімді, қандай да бір КФҚТ үшін грант туралы келісімді, қандай да бір Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған грант туралы келісімді, қандай да бір ӨСК гранты туралы келісімді, қандай да бір ИИК гранты туралы келісімді немесе олардың қандай да бір ережесін қайта табыстауға, оған өзгерістер енгізуге, оның күшін жоюға және одан бас тартуға, оны бұзуға немесе орындауда

құқығы

жоқ.

5. Жобаның А.3-бөлігін іске асыру мақсатында Қарыз алушы БFM арқылы Банк үшін қолайлы біліктілікке, тәжірибе мен техникалық тапсырмаларға ие ВЕҚҚ үшін жекеше басқару компаниясын жалдауды және бекітуді қамтамасыз етеді, оның міндеттеріне басқалармен қатар, ВЕҚҚ Кіші жобаларын белсенді іздеу, оларды ВЕҚҚ-ның Инвестициялар жөніндегі комитетіне ұсыну, ВЕҚҚ инвестицияларының тиімділігін мониторингтеу және ВЕҚҚ қызметінің нәтижелері туралы ВЕҚҚ Басқарушы кеңесін тұрақты хабардар ету кіреді.

6. Жобаның А.3-бөлігін іске асыру және ВЕҚҚ кіші жобалары үшін ВЕҚҚ-ның ерте кезеңнен қаржыландыру қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Қарыз алушы БFM арқылы Санатқа (4) жатқызылған Қарыз қаражатын БFM арқылы Қарыз алушы мен ВЕҚҚ арасында жасалған келісімге («ВЕҚҚ-ны қалыптастыру туралы келісім») сәйкес Банкті қанағаттандыратын шарттармен ВЕҚҚ-ға береді, ол өзгелерден басқа:

(а) ВЕҚҚ-ны қалыптастыру туралы келісім шенберінде ВЕҚҚ өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, Қарыз алушының БFM арқылы ВЕҚҚ-ға қатысты түзету шараларын (мұндай шаралар, өзгелерден басқа, ВЕҚҚ-ны қалыптастыру туралы келісімге (тиісті мән-жайларда) сәйкес ВЕҚҚ ұсынатын Қарыз қаражатын ішінара немесе толық тоқтата тұруды және/немесе оның күшін жоюды немесе оның бүкіл сомасын немесе қандай да бір бөлігін өтеуді қамтуы мүмкін) қолдану құқығын;

(б) Қарыз алушының БFM арқылы (i) ВЕҚҚ-ның тиісті инвестицияларының 100%-ына қол жеткізу үшін қажетті қалған үлесіне балама қаражатты ЖІН-де жазылған критерийлерге сәйкес жекеше инвесторлардың ұсынуы және Банк үшін қолайлы көздерден ұсынылу шартымен, тепе-тендік негізінде ВЕҚҚ инвестицияларын жүзеге асыру үшін қажетті қаражаттың жалпы көлемінің 50%-ына дейін Қарыз қаражаты есебінен қамтамасыз ету; және (ii) Жобаның А.3-бөлігіне қатысты осы Келісімде көрсетілген нақты міндеттемелерді сақтау жөніндегі міндеттемесін; және

(с) ВЕҚҚ-ның қандай да бір Кіші жобасын мақұлдау кезінде ВЕҚҚ-ның инвестиацияларын осы ВЕҚҚ-ның инвестиацияларын алушыға Банкті қанағаттандыратын шарттармен ВЕҚҚ мен көрсетілген алушы арасында жасалатын

келісімге сәйкес («ВЕҚҚ-ның инвестициялары туралы келісім»), ВЕҚҚ-ның ұсыну міндеттемесін қамтиды, ол өзгелерден басқа мыналарды:

(i) ВЕҚҚ, ВЕҚҚ-ның қандай да бір инвестицияларының қаражатын пайдалануды тоқтата тұру немесе тоқтату немесе тиісті ВЕҚҚ-ның инвестициялары туралы келісімге сәйкес алушы өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындамаған жағдайда ВЕҚҚ-ның тиісті инвестицияларының барлық сомасының немесе оның бір бөлігінің өтемін алу құқығын қоса алғанда, Қарыз алушының, ВЕҚҚ-ның және Банктің мүдделерін жеткілікті түрде қорғайтын құқықтарды алын ВЕҚҚ қамтамасыз етуді қамтиды; және

(ii) ВЕҚҚ-ның қандай да бір инвестицияларын әрбір алушыдан мыналар:

(A) ВЕҚҚ-ның тиісті Кіші жобасын тиісті адалдықпен және тиімділікпен және Банк үшін қолайлы негізделген техникалық, экономикалық, қаржылық, басқарушылық, экологиялық және әлеуметтік стандарттар мен практикаға, оның ішінде ТІНЖ мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаманың ережелеріне сәйкес іске ас ы р у ;

(B) нысаналы ресурстарды жедел қамтамасыз ету;

(C) осы Келісімнің және осы Толықтырудың III Бөлімінің (осы Толықтыруға Қосымшаны қоса алғанда) ережелеріне сәйкес, ВЕҚҚ-ның инвестициялары қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды, кішігірім жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді с а т ы п а л у ;

(D) ВЕҚҚ-ның Кіші жобасының іске асырылуы бойынша прогрестің мониторингі мен оны бағалауды жүзеге асыру және Банк үшін қолайлы индикаторларға сәйкес оның мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тиісті саясат пен рәсімдерді і с к е а с ы р у ;

(E) (1) Кіші жобамен байланысты операцияларды, ресурстар мен шығыстарды барабар көрсететіндей етіп Банк үшін қолайлы бухгалтерлік есептің дәйекті түрде қолданылатын стандарттарына сәйкес қаржылық басқару жүйесін жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау ;

(2) Банктің немесе Қарыз алушының сұрау салуы бойынша Банк үшін қолайлы, дәйекті түрде қолданылатын аудит стандарттарына сәйкес, Банк үшін қолайлы, тәуелсіз аудиторлардың қаржылық есептілікке аудит жүргізуі және аудиттеген есептілікті Қарыз алушыға және Банкке жедел ұсыну ;

(F) Қарыз алушының және Банктің ВЕҚҚ-ның тиісті Кіші жобасын, оның қызметі мен тиісті жазбаларын және құжаттарын тексеруі үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету; ж ә н е

(G) Қарыз алушы немесе Банк жоғарыда көрсетілгенге қатысты негізді түрде сұрау салуы мүмкін бүкіл ақпаратты дайындау және Қарыз алушыға және Банкке ұсыну т а л а п е т і л е д і .

7. Қарыз алушы ВЕҚҚ-ны қалыптастыру туралы келісім шенберінде Қарыз алушы мен Банктің мүдделерін қорғайтындей және ВЕҚҚ инвестицияларының мақсаттарына

қол жеткізетіндей етіп өз құқықтарын жүзеге асырады және өз міндеттерін орындауды. Егер Банкпен өзгеше келісілмеген болса, Қарыз алушы БFM арқылы қандай да бір ВЕҚҚ гранты туралы келісімді немесе оның қандай да бір ережелерін ВЕҚҚ-ның оны қайта табыстамауын, оған өзгерістер енгізбеуін, оның қүшін жоймауын, оны бұзбауын, одан немесе оны орындаудан бас тартпауын қамтамасыз етеді.

### **C. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

Қарыз алушы Жобаның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқамаға сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді.

### **D. Сақтық шаралары**

1. Қарыз алушы Жобаны БFM арқылы Табиғат қорғау Іс-шараларының Негіздемелік Жоспарына және ТҚІНЖ шенберінде дайындалған кез келген оқшауланған Табиғат қорғау Іс-шараларының Жоспарларына сәйкес жүзеге асырады және Банктің алдын ала келісімінсіз ТҚІНЖ-нің немесе оқшауланған Табиғат қорғау Іс-шаралары Жоспарларының қандай да бір ережелерін қайта табыстамайды, өзгерістер енгізбейді, оларды тоқтата түрмайды, жоймайды, олардың қүшін жоймайды немесе олардан бас тартпаиды.

2. Қарыз алушы БFM арқылы ВЕҚҚ-ның Кіші жобаларына өтінімді қоса алғанда, Кіші жобаларға өтінімдер, егер оларда:

(a) Мәжбүрлі қоныс аударуды қамтитын қандай да бір іс-шаралар;

(b) Банк айқындағандай сезімтал, әр алуан немесе бұрын-соңды болмаған болып табылатын, қоршаған ортаға елеулі теріс әсер етуі мүмкін қандай да бір іс-шаралар; н е м е с е

(c) ТҚІНЖ-де жол берілмейтін деп анықталған қандай да бір іс-шаралар көзделетін жағдайда, мақұлданбайтын шарттың орындалуын қамтамасыз етеді.

## **II бөлім. Жобаның мониторингі, есептілігі және оны бағалау**

### **A. Жоба бойынша есептер**

1. Қарыз алушы БFM арқылы Жоба мониторингін және оның іске асырылу барысын бағалауды жүргізеді, сондай-ақ Жалпы Шарттардың 5.08-бөлімінің ережелеріне сәйкес және Банк үшін қолайлы индикаторлар негізінде Жоба бойынша есептер дайындауды. Жоба бойынша әрбір есеп бір күнтізбелік тоқсан кезеңін қамтуға және осындай есеппен қамтылатын кезең аяқталғаннан кейін қырық бес (45) күннен кешіктірілмей Банкке ұсынылуға тиіс.

### **B. Қаржылық басқару, қаржылық есептер және аудит**

1. Қарыз алушы БFM арқылы Жалпы Шарттардың 5.09-бөлімінің ережелеріне сәйкес қаржылық басқару жүйесін жүргізеді немесе оның жүргізуін қамтамасыз етеді.

2. Осы Бөлімнің А бөлігінің ережелері үшін шектеусіз, Қарыз алушы БFM арқылы, аудиторлық тексеруден өтпеген, Жоба бойынша тиісті күнтізбелік тоқсан үшін нысаны және мәні бойынша Банк үшін қолайлы аралық қаржылық есептерді дайындауды және оларды әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін қырық бес (45) күннен кешіктірмей

3. Қарыз алушы БФМ арқылы Жалпы Шарттардың 5.09 (b) бөлімінің ережелеріне сәйкес өзінің қаржылық есептілігіне аудиторлық тексеру жүргізуін қамтамасыз етеді. Қаржылық есептіліктің әрбір аудиті Қарыз алушының бір қаржылық жыл кезеңін қамтуға тиіс. Аудиторлық тексеруден өткен әрбір осындай кезең үшін қаржылық есептілік тиісті кезең аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірілмей Қарыз алушыға және Банкке ұсынылуға және жүртшылық үшін уақтылы қолжетімді әрі Банк үшін қолайлар

нысандада

болуға

тиіс.

4. Қарыз алушы БФМ арқылы мыналарды: (a) ВЕҚҚ-ның қаржылық есептілікті Банк үшін қолайлары, бухгалтерлік есептің дәйекті түрде қолданылатын стандарттарына сәйкес, Жобаның 3.А-бөлігіне байланысты операцияларды, ресурстар мен шығындарды қоса алғанда, ВЕҚҚ-ның операциялары мен қаржылық ахуалын көрсететіндегі етіп дайындаудын; және (b) өзінің қаржылық есептілігінің аудитін Банк үшін қолайлар тәуелсіз аудиторлардың Банк үшін қолайлары, дәйекті түрде қолданылатын аудит стандарттарына сәйкес жүргізуін қамтамасыз етеді. Аудиторлық тексеруден өткен әрбір қаржылық есептілік Қарыз қаражатынан сол уақыт ішінде ВЕҚҚ-ға бірінші депозит енгізілетін қаржы жылынан бастап Қарыз алушының бір қаржылық жылын қамтуға тиіс. Әрбір осындай кезеңдегі ВЕҚҚ-ның аудиторлық тексеруден өткен қаржылық есептілігі БФМ мен Банкке тиісті кезең аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірілмей ұсынылуға және жүртшылық үшін уақтылы қолжетімді әрі Банк үшін қолайлар нысандада болуға тиіс.

### ІІІ бөлім. Сатып алу А. Жалпы ережелер

**1. Тауарлар және консультациялық емес көрсетілетін қызметтер.** Жобаны іске асыру үшін қажетті және Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлар, кішігірім жұмыстар және консультациялық емес көрсетілетін қызметтер Сатып алу жөніндегі нұсқаманың I бөлімінде қамтылған немесе оларға сілтемелер қамтылған талаптарға сәйкес, сондай-ақ осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес сатып алынады.

**2. Консультациялық көрсетілетін қызметтер.** Жоба үшін қажетті және Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын барлық консультациялық көрсетілетін қызметтер Консультанттар жөніндегі нұсқаманың I және IV бөлімдерінде қамтылған немесе оларға сілтемелер қамтылған талаптарға сәйкес, сондай-ақ осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес сатып алынуға тиіс.

**3. Анықтамалар.** Осы Бөлімде сатып алудың жекелеген әдістерін немесе Банктің жекелеген келісімшарттарды қарау әдістерін сипаттау үшін төменде пайдаланылатын, бас әріптерден басталатын терминдер нақты жағдайға қарай, Сатып алу жөніндегі нұсқаманың II және III бөлімдерінде немесе Консультанттар жөніндегі нұсқаманың II, III, IV және V бөлімдерінде сипатталған тиісті әдіске жатады.

**В. Тауарларды және консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жекелеген**

**әдістері**

**1. Халықаралық конкурстық сауда-саттық.** Егер төмендегі 2-тармақта өзгеше көзделмесе, тауарларды, кішігірім жұмыстарды және консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді сатып алу халықаралық конкурстық сауда-саттық ресімдеріне сәйкес берілген келісімшарттар бойынша жүзеге асырылады.

**2. Тауарларды және консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді сатып алудың басқа да әдістері.** Халықаралық конкурстық сауда-саттықтан басқа, Сатып алу жоспарында көрсетілген келісімшарттар бойынша тауарларды, кішігірім жұмыстарды және консультациялық емес қызметтерді сатып алудың мынадай әдістері пайдаланылуы

**мұмкін:**

- (a) осы 2-толықтыруға Қосымшада көрсетілген қосымша ережелермен реттелетін ұлттық конкурстық сауда-саттық; және
- (b) ашық нарықта сатып алу; және
- (c) тікелей келісімшарттар.

**С. Консультациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жекелеген әдістері**

**1. Сапа және құн негізінде іріктеу.** Егер төмендегі 2-тармақта өзгеше көзделмесе, консультациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алу Сапа және құн негізінде іріктеу ресіміне сәйкес берілген келісімшарттар шеңберінде жүзеге асырылады.

**2. Консультациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алудың басқа да әдістері.** Сапа және құн негізінде іріктеуден басқа, Сатып алу жоспарында көрсетілген келісімшарттар бойынша консультациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алудың мынадай әдістері пайдаланылуы

**мұмкін:**

- (a) Тіркелген бюджет кезінде іріктеу;
- (b) Ең аз құны бойынша іріктеу;
- (c) Консультанттардың біліктілігі негізінде іріктеу;
- (d) Консалтингтік фирмалардың қызметтерін бір көзден сатып алу;
- (e) Жеке консультанттарды іріктеу; және
- (f) Жеке консультанттарды бір көзден іріктеу ресімдері.

**D. Банктің сатып алу жөніндегі шешімдерді қарауы**

Сатып алу жоспарында Банктің алдын ала қарауына жататын келісімшарттар көрсетілуге тиіс. Барлық басқа келісімшарттар Банктің постфактум қарауына жатады.

**IV бөлім. Қарыз қаражатын алу**

**A. Жалпы ережелер**

1. Қарыз алушы төмендегі 2-тармақта келтірілген кестеге сәйкес Занды шығыстарды қаржыландыру үшін Жалпы Шарттардың II бабының, осы Бөлімнің және Банк Қарыз алушыға берген хабарламасында көрсететін сол бір қосымша нұсқаулықтардың (2006 жылғы мамырдағы, Банк кезең сайын қайта қарайтын және осындай нұсқаулықтарға сәйкес осы Келісімге қолданылатын «Дүниежүзілік Банктің

жобалар қаражатын игеру жөніндегі нұсқамасын» қоса алғанда) ережелеріне сәйкес  
**Қарыз** **қаражатын** **ала** **алады.**

2. Төмендегі кестеде Қарыз қаражатынан қаржыландырылуы мүмкін Занды шығыстардың санаттары («Санат»), әрбір Санат бойынша Қарыздан бөлінетін сома және әрбір Санат бойынша Құқықтық шығыстар ретінде қаржыландырылуға жататын шығыстардың пайыздық үлесі көрсетілген.

<b>Санаты</b>	<b>Қарыздан бөлінетін сома (АҚШ долларымен көрсетілген)</b>	<b>Қаржыландырылуға жататын шығыстар үлесі (салықтарды қоспағанда)</b>
(1) Жобаның 1-бөлігі шенберінде КФҚТ үшін гранттар мен АФҚТ үшін гранттар	30 000 000	100%
(2) Жобаның 1-бөлігі шенберінде Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін колдауга арналған гранттар	10 000 000	100%
(3) Жобаның 2-бөлігі шенберінде ΘСК гранттары, ИИК гранттары мен консультациялық көрсетілетін қызметтер	35 000 000	100%
(4) Жобаның 3.А бөлігі шенберінде ВЕҚҚ-ны қалыптастыру, ВЕҚҚ инвестициялары және қорды басқарғаны үшін комиссиялар және аудит	10 000 000	100%
(5) Жобаның 3.В бөлігі шенберінде консультанттар көрсететін қызметтер	2 000 000	100%
(6) Жобаның 3.С бөлігі шенберінде операциялық шығыстар	600 000	37,5%
(7) Жобаның 3.С бөлігі шенберінде консультанттар көрсететін қызметтер	400 000	100%
<b>ЖАЛПЫ СОМА</b>	<b>88 000 000</b>	

**Осы кестенің мақсаттары үшін:**

«Операциялық шығыстар» Жобаның 3.С бөлігін іске асыру шенберінде БФМ шеккен, кеңсе керек-жарақтары мен басқа да шығыс материалдарын сатып алуға, негізделген және қосымша, үй-жайларды жалдауға, интернетке қосуға жұмсалған шығыстарды және байланыска, ақпараттық жүйелерді ұстап тұруға жұмсалған шығыстарды, аудармаға, банктік алымдарға, коммуналдық көрсетілетін қызметтерге жұмсалған шығыстарды, іссапар шығыстарын, көлікке жұмсалған шығыстарды, тәуліктік, тұруға (тұрғын үйге) жұмсалған шығыстарды және Банк үшін қолайлы, жартыжылдық бюджеттердің негізінде БФМ арқылы Қарыз алушымен Банк арасындағы уағдаластықтарға сәйкес Жобаның 3.С бөлігін іске асыруға тікелей байланысты басқа да негізделген шығыстарды білдіреді.

### **В. Алу шарттары; алу кезеңі**

1. Осы Бөлімнің А бөлігінің ережелеріне қарамастан, қаражат:
  - (а) Қарыз шотынан Біржолғы комиссияның толық сомасын Банк алғанға дейін;

(b) осы Келісім күніне дейін жасалған төлемдер бойынша; және  
(c) (4) санат шеңберінде – Қарыз алушы БFM арқылы Банк үшін қанағаттанарлық, миналар: (i) ВЕҚҚ-ның құрылғаны; (ii) қатысуши тараптардың ВЕҚҚ-ның құрылғаны туралы келісімге тиісінше қол қойғаны және оның шарттарына сәйкес әрбір осындай тарап үшін заң жүзінде міндетті болып табылатыны; (iii) Банк үшін қолайлы шарттарда және тәртіппен ВЕҚҚ-ның ВЕҚҚ қызметі жөніндегі нұсқаманы БFM-нің макұлдағаны және оны ВЕҚҚ-ның жұмыс істеуге қабылдағаны туралы айғақтарды бергенге дейін  
алынбауға

тиіс.

2. Жабылу күні – 2020 жылғы 31 желтоқсан.

## V бөлім. Басқада ережелер

### **A. Қарыз алушының аумағының шегінен тыс жерлердегі қызметті қадағалау**

1. Қарыз алушы Жобаның З.С бөлігі шеңберінде ешқандай қызмет Қарыз алушы мен Банктің кез келген қадағалау іс-шараларын жүзеге асыру үшін жеткілікті болатын, Жобаның З.С бөлігі шеңберіндегі қандай да бір қызметті жүргізу жоспарланатын елдердің тиісті органдарынан қажетті кепілдіктерді және тиісті рұқсаттарды алмастан жүзеге асырылмайтынын қамтамасыз етуге тиіс.

## **2-ТОЛЫҚТЫРУҒА қосымша**

Ұлттық конкурстық сауда-саттық өткізу кезінде пайдаланылатын сатып алу рәсімдері Қарыз алушының «Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V Заңымен енгізілген өзгерістерімен қоса, Қарыз алушының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-III Заңында жазылған конкурстық сауда-саттықты жүргізу рәсімдері болады, алайда мұндай рәсімдер Сатып алу жөніндегі нұсқаманың I бөлімінің және 3.3 және 3.4-тармақтарының жүргізілу ережелеріне және мынадай қосымша ережелерге сәйкес жүргізілу шарт:

(a) Құқықтылық: Сауда-саттыққа қатысуышылардың сатып алу процесіне қатысуға және Банк қаржыландыратын келісімшартты жасасуға құқықтылығы Сатып алу жөніндегі нұсқаманың I бөліміне сәйкес айқындалатын болады; тиісінше сауда-саттыққа қатысуышының немесе сауда-саттыққа ықтимал қатысуышының ешқайсысы Сатып алу жөніндегі нұсқаманың I бөлімінде көрсетілгеннен өзге себептер бойынша Банк қаржыландыратын келісімшарттарды жасасуға құқықты емес деп жариялануы мүмкін емес. Сауда-саттыққа шетелдік қатысуышыларға ҰКС-ның рәсімдеріне қатысуына рұқсат беріледі және олар сатып алу процесіне қатысу үшін сауда-саттыққа жергілікті қатысуышылармен әріптестік қатынастарға түсуге міндетті емес.

(b) Тіркеу: Конкурстық сауда-саттық алдын ала тіркелген фирмалармен шектелмеуге тиіс, сондай-ақ сауда-саттыққа шетелдік қатысуышылардың конкурстық өтінімдерді беру шарты ретінде жергілікті билік органдарында тіркелуі талап етілмейді

(c) Преференциялар: Қандай тұрдегі болса да ешқандай преференциялар сауда-саттыққа қатысуышының азаматтығы; тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің немесе жұмыс күшінің шыққан жері; жергілікті қамту; жергілікті меншік үлесі; және/немесе преференциялардың кез келген басқа да бағдарламалары негізінде конкурстық өтінімдерді бағалау кезінде қолданылмауға тиіс.

(d) Конкурстық құжаттама: Сатып алуды жүзеге асыратын үйымдар келісімшарттардың Банкке қолайлы ережелерін қоса алғанда, конкурстық құжаттаманың тиісті үлгілік топтамасын пайдалануға тиіс.

(e) Сметалық шығындар: Сметалық шығындар құпия ақпарат болып табылады және сауда-саттыққа ықтимал қатысуышыларға жария етілмеуге тиіс.

(f) Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі: Конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімін ұзарту, егер бұл айрықша мән-жайларға байланысты болса, сауда-саттыққа барлық қатысуышылардан мұндай ұзарту бағалауды аяқтау және/немесе келісімшартты беру үшін қажетті ең аз кезеңді ғана қамтыған жағдайда, өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін және бағалауды аяқтау немесе келісімшартты беру үшін қажетті ең аз кезеңге жазбаша нысанда талап етілуі мүмкін және ол төрт (4) аптадан аспауға тиіс. Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз ешқандай қосымша ұзарту сұратылуға тиіс е м е с .

(g) Конкурстық өтінімдерді беру және ашу: Сауда-саттыққа ықтимал қатысуышыларға конкурстық сауда-саттыққа қатысуға шақыруды жариялаған күннен бастап немесе конкурстық құжаттама әзір болған күннен бастап, конкурстық өтінімдерді дайындау және беру үшін көрсетілген оқиғалардың қайсысы кешірек басталуына қарай, кемінде отыз (30) күн берілетін болады. Өтінімдерді ашу оларды берудің соңы мерзімі басталғаннан кейін тікелей жария түрде жүргізіледі. Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасының көшірмесі конкурстық өтінімдер берген сауда-саттыққа қатысуышылардың барлығына және Банктің алдын ала қарауына жататын келісімшарттарға қатысты Банкке бірден берілуге тиіс.

(h) Біліктілік: Біліктілік критерийлері конкурстық құжаттамада нақты көрсетілуге тиіс. Осындағы құжаттамада көрсетілген критерийлердің барлығы және осы көрсетілген критерийлер ғана сауда-саттыққа қатысуышының біліктілігін айқындау үшін пайдаланылуға тиіс. Біліктілік «өтті немесе өткен жоқ» деген әдіс бойынша бағалануға тиіс, бұл ретте ешқандай балл пайдаланылмауға тиіс. Мұндай бағалар: (i) тиісті жалпы және ерекше тәжірибе мен белгілі бір кезең ішінде осындағы келісімшарттарды табысты орындаудың қанағаттанарлық қызметі туралы тізімнің болуын; (ii) қаржылық жағдайды; және мән-жайларға қарай (iii) құрылыштық және/немесе өндірістік қуаттың болуын

қоса алғанда, объективті және өлшенетін факторлар ескеріле отырып, сауда-саттыққа қатысушының немесе сауда-саттыққа ықтимал қатысушының келісімшарттың тиімді орындалуы үшін қажетті мүмкіндіктері мен ресурстарына толық негізделуге тиіс.

(i) Алдын ала біліктілік рәсімдері мен Банк үшін қанағаттанарлық құжаттар жұмыстарды орындауға арналған ауқымды, күрделі және/немесе мамандандырылған келісімшарттар үшін пайдаланылуға тиіс. Сауда-саттыққа қатысушының персонал мен жабдыққа қатысты ағымдағы міндеттемелері мен мүмкіндіктерін қоса алғанда, сауда-саттыққа қатысушы негізге алып алдын ала біліктілікten өткен ақпаратты тексеру келісімшартты беру кезінде жүргізілуге тиіс.

(j) Алдын ала біліктілік пайдаланылмаған жағдайларда, келісімшартты беруге ұсынылған, сауда-саттыққа қатысушының біліктілігі конкурстық құжаттамада көрсетілген біліктілік критерийлері қолданыла отырып, біліктілікten кейінгі процесте бағаланатын болады.

(k) Конкурстық өтінімдерді бағалау: Бағалау критерийлері конкурстық құжаттамада анық көрсетілуғе тиіс. Конкурстық өтінімдерді бағалау конкурстық құжаттамада мәлімделген санмен өлшенетін критерийлерге қатаң сәйкестікте жүргізілуге тиіс. Бағадан басқа, басқа да бағалау критерийлері ақшалай мәнде санмен айқындалуға тиіс. Балдар мен шеткі мәндер әдісі пайдаланылмауға тиіс, бұл ретте конкурстық өтінімдерді бағалау кезінде бағаның маңыздылығын айқындау үшін ешқандай да ең тәменгі балдар немесе пайыздар қолданылмауға тиіс. Сауда-саттыққа қатысушылар болмашы, елеулі емес ауытқулар негізінде шеттетілуғе тиіс емес. Сауда-саттықты ұйымдастырушы сауда-саттыққа қатысушылардан олардың конкурстық өтінімдерін бағалау үшін қажетті түсініктеме сұратуы мүмкін, бірақ ол конкурстық өтінімдер ашылғаннан кейін сауда-саттыққа қатысушылардан өздерінің өтінімдерінің мәнін немесе бағасын өзгертуді сұрай алмайды немесе оған рұқсат бере алмайды.

(l) Келісімшарттар конкурстық өтінімі: (i) негізінен конкурстық құжаттама талаптарына жауап беретін; және (ii) ең аз бағалау құнын ұсынатын сауда-саттыққа білікті қатысушыға берілуғе тиіс. Бағаға немесе конкурстық өтінімнің мәніне қатысты ешқандай келіссөздер жүргізілмеуге тиіс.

(m) Конкурстық өтінімдерді қабылдамау және қайтадан беру: Бағасы тәмен немесе бағалау құнынан асатын, конкурстық өтінім құнының диапазоны шегінен немесе шекті мәні шеңберінен асып кететін болғандықтан ғана, ешқандай конкурстық өтінімдер қабылданбай қалуға тиіс емес. Конкурстық өтінімдердің барлығы (екеуден кем конкурстық өтінім алынған жағдайларды қоса алғанда) қабылданбауға тиіс емес, сатып алу процесі тоқтатылмауға тиіс және жаңа конкурстық өтінімдерді беруге шақыру Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз жарияланбауға тиіс.

(n) Кепілдіктер: Конкурстық өтінімдерге және келісімшарттардың орындалуына кепілдіктер конкурстық құжаттамада көрсетілген форматта берілуғе және олардың қажетті қолданылу мерзімі болуға тиіс. Қажет болған кезде конкурстық өтінімді

қамтамасыз ету тіркелген сома түрінде көрсетілуі мүмкін және келісімшарттың сметалық құнының екі пайызынан (2%) аспауға тиіс. Аванстық төлемнің тиісті кепілдігі болмайынша мердігерлерге ешқандай аванстық төлемдер жүргізілмеуге тиіс.

(о) Құпиялылық: Конкурстық өтінімдерді бағалау процесі келісімшартты беру туралы ақпарат жарияланғанға дейін құпия болуға тиіс.

(р) Электрондық сатып алу жүйесі: Банк жүйелердің параметрлеріне қанағаттанған жағдайда, электрондық сатып алу жүйелері қолданылуы мүмкін, бұл ретте жүйе, өзгелер арасында қауіпсіз болуға және берілген конкурстық өтінімдердің тұтастығын, құпиялылығы мен теңтұпнұсқалылығын сақтап тұруға тиіс.

(q) Алаяқтық және сыйайлар жемқорлық: Сатып алу жөніндегі нұсқамаға сәйкес барлық конкурстық құжаттама мен келісімшарттар Сатып алу жөніндегі нұсқамада айқындалғандай, алаяқтыққа және/немесе сыйайлар жемқорлық әрекетке қатысы бар екендігі әшкереленген фирмаларға немесе тұлғаларға санкцияларды қолдану жөніндегі Банк саясатының ережелерін қамтуға тиіс.

(r) Тексерулер мен аудиттер жүргізуге қатысты құқықтар: Сатып алу жөніндегі нұсқамаға сәйкес конкурстық құжаттаманың әрбір топтамасында және Қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын әрбір келісімшартта сауда-саттыққа қатысуышылар, өнім берушілер мен мердігерлер, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері, агенттер, қызметкерлер, консультанттар, көрсетілетін қызметтердің провайдерлері немесе өнім берушілер Банкке өздерінің есепшоттарын, есептік және конкурстық өтінімдер беруге және келісімшарттарды орындауға жататын басқа да құжаттарын тексеруге рұқсат беретіні, сондай-ақ Банк тағайындаған аудиторларға есепшоттары мен есептік құжаттамаларына аудит жүргізуге рұқсат беретіні туралы ережелер қамтылуға тиіс. Сатып алу жөніндегі нұсқамада көзделген тексерулер мен аудиттер жүргізу кезінде Банктің өз құқықтарын қолдануына елеулі қыындықтар жасауға бағытталған әрекеттер көрсетілген Нұсқамадағы анықтамаға сәйкес кедергі келтіретін практика болып табылады.

(s) Келісімшарттарды беру туралы ақпаратты жариялау: Сауда-саттықты үйимдастырушы қолжетімділігі ашиқ тегін веб-сайтта немесе Банк үшін қолайлы басқа да жариялау құралдарын пайдалана отырып, келісімшарттарды беру туралы мынадай ақпаратты жариялауға тиіс: (а) өтінім берген конкурсқа әрбір қатысуышының атауы; (б) конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде жарияланған конкурстық өтінімдердің бағалары; (с) қатысуышлардың атаулары және бағалаудан өткен әрбір конкурстық өтінімнің бағалау құны; (д) өтінімдері қабылданбаған сауда-саттыққа қатысуышлардың атаулары және бұл өтінімдердің қабылдамаудың себептері; (е) сауда-саттық жеңімпазының атауы және ол ұсынған баға, сондай-ақ берілген келісімшарттың ұзақтығы және ауқымына қысқаша шолу.

## **3-ТОЛЫҚТЫРУ Өтеу кестесі**

1. Осы Толықтырудың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Қарыз алушы әрбір игерілген соманы жарты жылда бір рет, әр жылдың 15 маусымында және 15 желтоқсанында төленуге жататын жарналармен өтеп отырады, бұл ретте бірінші жарна игерілген сома бойынша өтеу сомасы тіркелген күннен кейінгі төлемнің он бірінші (11) күніне төленуге жатады, ал соңғы жарна игерілген сома бойынша өтеу сомасы тіркелген күннен кейінгі төлемнің отызыншы (30) күніне төленуге жатады. Соңғысын қоспағанда, әрбір жарна игерілген соманың жиырмадан біrine (1/20) тең болады. Соңғы жарна игерілген соманың қалған өтелмеген бөлігіне тең болады.

2. Егер игерілген сома бойынша негізгі борышты өтеу есебіне бір немесе одан да көп жарна осы Толықтырудың 1-тармағының ережелеріне сәйкес 2035 жылғы 15 желтоқсаннан кейін төленуге тиіс болса, онда Қарыз алушы осындай күні барлық мұндай жарналардың жиынтық сомасын да төлейді.

3. Банк әрбір игерілген сома бойынша борышты өтеу кестесі туралы Қарыз тараптарын игерілген сома бойынша өтем сомасы тіркелген күннен кейін дереке х а б а р д а р е т у ғ е т и і с .

4. Осы Толықтырудың 1-3-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Қарыздың алынған сомасының барлығы немесе қандай да бір бөлігінің валютасын Бекітілген валютаға айырбасталатын болса, онда Айырбастау кезеңінің ішінде басталатын кез келген Негізгі борышты өтеу күні өтелуге тиіс, Бекітілген валютаға осылайша айырбасталған соманы Банк мұндай соманы тікелей Айырбастау алдында мыналарға: (i) Айырбастауға жататын Валюталық хедждік мәмілелер шеңберінде Банк төлеуге тиіс Бекітілген валютадағы негізгі борыштың сомасын көрсететін айырбастау бағамына; немесе (ii) егер Банк Конверсия жөніндегі нұсқамаға сәйкес тиісті шешім қабылдайтын болса, Экрандық мөлшерлеменің валюталық құрамдасына оның деноминацияланатын валютасында көбейту жолымен айқындайтын болады.

5. Егер Қарыздың алынған қаражаты біреуден астам Қарыз валюталарына номинацияланған болса, осы Толықтырудың ережелері Қарыздың әрбір валютасында көрсетілген сомаға жеке қолданылады.

## **ҚОСЫМША**

### **I           Б ө л і м .         А н ы қ т а м а л а р**

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқама» 2011 жылғы қантардағы өзгерістерімен және сол редакциядағы 2006 жылғы 15 қазандағы «ХҚДБ қарыздары және ХДК кредиттері мен гранттарының қаражатынан қаржыландырылатын жобалардағы алайқтық пен сыбайлас жемқорлық профилактикасы және оларға қарсы күрес жөніндегі нұсқаманы» білдіреді.

2. «Санат» осы Келісімге 2-толықтырудың IV бөлімінің кестесінде көрсетілген  
са на тты б і л д і р е д і .

3. «Консультанттар жөніндегі нұсқама» 2011 жылғы қаңтардағы «Дүниежүзілік  
Банктің қарыз алушыларына берілетін ХҚДБ қарыздары, ХДҚ кредиттері мен  
гранттары шеңберінде консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқаманы» (2014  
жылғы шілдедегі редакциясында) білдіреді.

4. «Венчурлық ерте қаржыландыру қоры» немесе «ВЕҚҚ» ЖІН-де көзделген іріктеу  
және құқықтылық критерийлерін қолдана отырып, Қарыз алушы заңнамасының  
ережелеріне сәйкес Қарыз алушы БFM арқылы қалыптастыратын Венчурлық ерте  
қаржыландыру қорын б і л д і р е д і .

5. «Табиғат қорғау іс-шараларының негізdemelіk жоспары» немесе «ТҚІНЖ» Жоба  
үшін дайындалған, 2014 жылғы 10 қыркүйекте жарияланған және Дүниежүзілік  
Банктің InfoShop веб-сайтында 2014 жылғы 11 қыркүйекте орналастырылған, салдарды  
жұмсарту, мониторинг және теріс экологиялық және әлеуметтік әсерлерді жою,  
олардың өтемақылары немесе қолайлы деңгейге дейін қысқарту мақсатында алдын ала  
қабылдау қажет институционалдық шаралар жөніндегі іс-шаралар кешенін, сондай-ақ  
барлығы Жобаның шеңберіндегі табиғат қорғау іс-шараларының қолданылатын  
жоспарларын дайындау жолымен осы шараларды іске асыру үшін қажетті  
іс-қимылдарды қамтитын, Банк үшін қанағаттанарлық, Табиғат қорғау іс-шараларының  
негізdemelіk жоспарын білдіреді, бұл ретте олар Банктің алдын ала келісумен  
мезгіл-мезгіл өзгертулуге тиіс .

6. «ВЕҚҚ қалыптастыру туралы келісім» Банк бекіткен шарттарда осы Келісімге 2-  
толықтырудың I.B.6-бөлімінде көрсетілген БFM және ВЕҚҚ арасындағы келісімді  
б і л д і р е д і .

7. «ВЕҚҚ инвестициялары туралы келісім» Банк бекіткен шарттарда осы Келісімге 2-  
толықтырудың I.B.6(с) бөлімінде көрсетілген ВЕҚҚ және ВЕҚҚ инвестицияларын  
алушының арасындағы келісімді білдіреді.

8. «ВЕҚҚ-ның Инвестициялық Комитеті» ВЕҚҚ кіші жобаларын іріктеу үшін  
жауапты және ВЕҚҚ қызметі жөніндегі нұсқамада жазылған критерийлерге сәйкес  
қалыптастырылған ВЕҚҚ-ның Комитетін білдіреді, оған БFM өкілдері мен жекеше  
инвесторлар кіруі мұмкін .

9. «ВЕҚҚ қызметі жөніндегі нұсқама» ВЕҚҚ әзірлеген, БFM бекіткен және Банк  
талаптарын қанағаттандыратын, барлық бизнес-процесстерді, есептілік тәртібі мен  
ВЕҚҚ шеңберіндегі міндеттер мен жауапкершілікті бөлуді, оның ішінде сатып алууды  
жүзеге асыруға және ВЕҚҚ-ны қаржылық басқаруға байланысты оның қызметін  
реттейтін құжатты білдіреді .

10. «ВЕҚҚ Басқарушы Кеңесі» ВЕҚҚ-ға стратегиялық басшылық ету және оның  
қызметін қадағалау үшін жауапты ВЕҚҚ Комитетін білдіреді, ол ВЕҚҚ қызметі  
жөніндегі нұсқамада жазылған критерийлерге сәйкес қалыптастырылады және оған

жоғары лауазымды БФМ өкілдері мен жекеше инвесторлар кіруі мүмкін.

11. «ВЕҚҚ инвестициялары» ВЕҚҚ Кіші жобаларын іске асыру мақсатында Жобаның 3.А бөлігі шеңберінде Қарыз қаражатынан қандай да бір инвестицияларды білдіреді, бұл ретте инвестициялар: (i) ЖІН-де жазылған критерийлер мен ресімдерге сәйкес іріктеледі; (ii) ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сай келетін алушыларды қаржыландыру үшін беріледі; және (iii) ЖІН-де егжей-тегжейлі жазылғандай, тауарларды, консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді және консультанттар көрсететін қызметтерді қаржыландыруға бағытталады.

12. «ВЕҚҚ-ның кіші жобасы» ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сай келетін Жобаның 3.А бөлігі шеңберінде технологиялық стартаптарға қолайлыш инвестициялардың немесе іс-шаралардың қандай да бір тобын білдіреді.

13. «Кіші жобаларды жүзеге асыруға грант алушылар үшін фидуциарлық нұсқама» БФМ дайындаған және ресми мақұлдаған, Банктің талаптарын қанағаттандыратын, сатып алушы жүзеге асыруға, қаржылық басқаруға және Кіші жобаларды жүзеге асыруға грант алушыларға қатысты есептілікті беруге байланысты барлық ресімдерді р е т т е й т і н құжатты б і л д і р е д і .

14. «Жалпы Шарттар» осы Қосымшаның II бөлімінде көзделген өзгерістерімен 2012 жылғы 12 наурыздағы «Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің Қарыздары үшін Жалпы Шарттарды» б і л д і р е д і .

15. «Инклузивті Инновациялар Консорциумдары үшін гранттар» немесе «ИИК үшін грант» Инклузивті Инновациялар Консорциумдарының Кіші жобаларын іске асыру мақсатында Жобаның 2-бөлігі шеңберінде Қарыз қаражатынан берілген қандай да бір грантты білдіреді, бұл ретте грант (i) ЖІН-де көзделген критерийлер мен ресімдерге сәйкес іріктеледі; (ii) ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сай келетін инклузивті инновациялар секторындағы консорциумдарға беріледі; және (iii) ЖІН-де егжей-тегжейлі жазылғандай тауарларды, консультациялық емес көрсетілген қызметтерді және консультанттар көрсететін қызметтерді қаржыландыруға бағытталған .

16. «Инклузивті Инновациялар Консорциумдарының кіші жобасы» ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлерін қанағаттандыратын, көрсетілетін әлеуметтік қызметтер ұсынуды жақсарту, оның ішінде қала және ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында Жобаның 2-бөлігі шеңберіндегі инвестицияларды немесе зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу жөніндегі іс-шаралардың қандай да бір тобын б і л д і р е д і .

17. «Инклузивті Инновацияларға берілетін грант туралы келісім» немесе «ИИ гранты туралы келісім» осы Келісімге 2-толықтырудың I.В бөлімінде көрсетілген, БФМ арқылы Қарыз алушы мен Инклузивті Инновациялар Консорциумдары үшін гранттарды алушы арасында жасалатын қандай да бір келісімді білдіреді.

18. «Мәжбүрлі қоныс аудару» Жоба шеңберінде жерді мәжбүрлеп алып қоюдың

әсерін білдіреді, оған қатысы бар адамдар үшін мұны жүзеге асырудың мынадай салдарлары: (i) олардың өмір сүру деңгейіне теріс әсері; немесе (ii) қандай да бір үй, жер участекін (оның ішінде, үй-жайлар, ауылшаруашылық және жайылым жерлерін) қандай да бір жылжымайтын немесе жылжымалы мүлікті, құқықты, меншік құқығын немесе олардың үлесін сатып алуға және уақытша немесе тұрақты иеленуге; немесе (iii) өндірістік активтерге қолжетімділікке уақытша немесе тұрақты теріс әсері; немесе (iv) бизнеске, кәсіпке, жұмысқа немесе тұратын жеріне немесе мекендеу ортасына уақытша немесе тұрақты теріс әсері болады.

19. «FKXK» осы Келісімге 2-толықтырудың I.A.7-бөлімінде көрсетілгендей, Ғылым және Коммерцияландыру жөніндегі Халықаралық Кеңесті білдіреді.

20. «Кіші Ғылыми Қызметкерлер Тобы үшін грант» немесе «KFKT үшін грант» Кіші Ғылыми Қызметкерлер Тобының Кіші жобасын іске асыру үшін Жобаның 1-бөлігі шенберінде Қарыз қаражатынан берілген қандай да бір грантты білдіреді, бұл ретте грант (i) ЖІН-де көзделген критерийлер мен рәсімдерге сәйкес іріктеледі; (ii) ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін жас зерттеушілерге беріледі; және (iii) ЖІН-де егжей-тегжейлі көрсетілгендей, тауарларды, консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді және консультанттар көрсететін қызметтерді қаржыландыруға бағытталған.

21. «Кіші Ғылыми Қызметкерлер Тобы үшін грант туралы келісім» немесе «KFKT үшін грант туралы келісім» осы Келісімге 2-толықтырудың I.B.3-бөлімінің В бөлігінде көрсетілген BFM арқылы Қарыз алушы мен KFKT үшін грантты алушының арасында жасалатын келісімді білдіреді.

22. «Кіші Ғылыми Қызметкерлер Тобының кіші жобасы» ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін, Жобаның 1-бөлігі шенберіндегі инвестициялардың немесе зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу жөніндегі іс-шаралардың қандай да бір тобын білдіреді.

23. «Білім және ғылым министрлігі» немесе «BFM» Қарыз алушының Білім және ғылым министрлігін немесе оның кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді.

24. «Ұлттық Инновациялық Жүйе» Қарыз алушының корпоративтік сектор фирмаларын, университеттерін, зерттеу орталықтары мен талдамалық орталықтарын қоса алғанда, Қарыз алушының білімді арттыруға және таратуға арналған ұйымдар желісін, қағидалары мен рәсімдерін білдіреді.

25. «Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған грант» Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдаудың кіші жобасын өткізу мақсатында Жобаның 1-бөлігі шенберінде Қарыз қаражатынан бөлінетін қандай да бір грантты білдіреді, бұл ретте грант (i) ЖІН-де көзделген критерийлер мен рәсімдерге сәйкес іріктеледі; (ii) ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін Қазақстанның шегінен тыс жерлерде PhD бағдарламалары бойынша оқитын докторанттарға беріледі; және (iii) ЖІН-де

егжей-тегжейлі көрсетілгендей, тауарларды, консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді және консультанттар көрсететін қызметтерді қаржыландыруға бағытталған.

26. «Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған грант туралы келісім» осы Келісімге 2-толықтырудың I.B.3-бөлімінде көрсетілген, БФМ арқылы Қарыз алушы мен Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған грантты алушының арасында жасалатын қандай да бір келісімді білдіреді.

27. «Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдаудың кіші жобасы» ЖІН-де көзделген құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін, Жобаның 1-бөлігі шенберіндегі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге қатысты адами капиталды ілгерілету жөніндегі іс-шаралардың қандай да бір тобын білдіреді.

28. «ЖБТ» осы Келісімге 2-толықтырудың I.A.2-бөлімінде айтылған бөлімшені білдіреді.

29. «Сатып алу жөніндегі нұсқама» 2011 жылғы қаңтардағы (2014 жылғы шілдедегі редакциясында) «ХҚДБ қарыздары, ХДК кредиттері мен гранттары бойынша Дүниежүзілік Банк қарыз алушыларының тауарларды, жұмыстарды және консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жөніндегі нұсқаманы» білдіреді.

30. «Сатып алу жоспары», 2014 жылғы 6 қарашада БФМ дайындаған және Сатып алу жөніндегі нұсқаманың 1.18-тармағында және Консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқаманың 1.25-тармағында көрсетілген Жоба үшін Қарыз алушының сатып алу жоспарын білдіреді, бұл ретте ол көрсетілген тармақтардың ережелеріне сәйкес мезгіл-мезгіл жаңартылып отырады.

31. «Өндірістік Сектор Консорциумдары үшін гранттар» немесе «ӨСК үшін грант» Жобаның 2-бөлігі шенберінде Қарыз қаражатынан бөлінетін қандай да бір грантты білдіреді, бұл ретте грант (i) ЖІН-де көзделген критерийлер мен рәсімдерге сәйкес іріктеледі; (ii) ЖІН-де көрсетілген құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін Өндірістік Сектор Консорциумдарына беріледі; және (iii) ЖІН-де егжей-тегжейлі жазылғандай, тауарларды, консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді және консультанттар көрсететін қызметтерді қаржыландыруға бағытталған.

32. «Өндірістік Сектор Консорциумдары үшін грант туралы келісім» немесе «ӨСК үшін грант туралы келісім» осы Келісімге 2-толықтырудың I.B.3-бөлімінде көрсетілген, БФМ арқылы Қарыз алушы мен Өндірістік Сектор Консорциумдары үшін грант алушының арасында жасалатын қандай да бір келісімді білдіреді.

33. «Өндірістік Сектор Консорциумдарының кіші жобасы» ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін Қарыз алушы экономикасының ауыл шаруашылығы, өндіруші салалар мен өндіріс сияқты өнімді секторларын жақсарту мақсатында, Жобаның 2-бөлігі шенберінде инвестициялардың немесе зерттеулер мен

әзірлемелерді жүргізу жөніндегі іс-шаралардың қандай да бір тобын білдіреді.

34. «Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқама» немесе «ЖІН» осы Келісімнің ережелеріне және Қарыз алушының ұлттық зандары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Жобаны іске асыру рәсімдері сипатталатын Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқаманы білдіреді, онда өзгелерден басқа, мыналар: (i) әкімшілендіру, сатып алу, бухгалтерлік есеп, қаржылық басқару мәселелерін реттейтін рәсімдер, сондай-ақ мониторинг және бағалау тетіктері; (ii) жылдық есептер форматтарының үлгілері; (iii) АФҚТ үшін гранттарды, КФҚТ үшін гранттарды, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған гранттарды, ӨСК үшін гранттар мен ИИК үшін гранттарды іріктеу, бағалау және іске асыру шарттары; және (iv) Кіші Жобаларды жүзеге асыруға грант алушылар үшін фидуциарлық нұсқама қамтылған, бұл ретте оған Банктің келісуімен мезгіл-мезгілмен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

35. «Жобаның Басқарушы Комитеті» осы Келісімге 2-толықтырудың I.A.4-бөлімінде **айтылған Комитетті** білдіреді.

36. «БФМ-нің Ғылым комитеті» Қарыз алушы Укіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі № 700 қаулысына сәйкес Қарыз алушының БФМ-інде құрылған Комитетті немесе оның кез **келген құқықтық мирасқорын** білдіреді.

37. «Ғылым Қоры» Қарыз алушы Укіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы № 1057 қаулысына (Қарыз алушы Укіметінің шешімдерін орындау үшін енгізілген және осы Келісімге қол қойылған құнгі жағдай бойынша көрсетілген қаулыда оларға сілтеме жасалған сол қаулыға барлық өзгерістерді қоса алғанда) сәйкес Қарыз алушы құрған және жалғыз акционері БФМ Ғылым комитеті болып табылатын «Ғылым Қоры» акционерлік қоғамын және оның кез **келген құқықтық мирасқорын** білдіреді.

38. «Аға Ғылыми Қызметкерлер Тобы үшін грант» немесе «АФҚТ үшін грант» Аға Ғылыми Қызметкерлер Тобының Кіші жобасын іске асыру үшін Жобаның 1-бөлігі шенберінде Қарыз қаражатынан бөлінетін қандай да бір грантты білдіреді, бұл ретте грант (i) ЖІН-де көзделген критерийлер мен рәсімдерге сәйкес іріктеледі; (ii) ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін аға зерттеушілерге беріледі; және (iii) ЖІН-де егжей-тегжейлі жазылғандай тауарларды, консультациялық емес қызметтерді және консультанттар көрсететін қызметтерді қаржыландыруға

**бағытталады.**

39. «Аға Ғылыми Қызметкерлер Тобы үшін грант туралы келісім» немесе «АФҚТ үшін грант туралы келісім» осы Келісімге 2-толықтырудың I.B.3-бөлімінде көрсетілген Банк бекітетін шарттарда БФМ арқылы Қарыз алушы мен АФҚТ үшін грант алушы арасында жасалатын қандай да бір келісімді білдіреді.

40. «Аға Ғылыми Қызметкерлер Тобының кіші жобасы» ЖІН-де жазылған құқықтылық критерийлеріне сәйкес келетін, Жобаның 1-бөлігі шенберіндегі инвестициялардың немесе зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу жөніндегі іс-шаралардың қандай да бір тобын білдіреді.

41. «Кіші жоба» Инклюзивті Инновациялар Консорциумдарының қандай да бір кіші Жобасын, Кіші Ғылыми Қызметкерлер Тобының қандай да бір кіші жобасын, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдаудың қандай да бір кіші жобасын, Өндірістік Сектор Консорциумдарының қандай да бір кіші жобасын, ВЕҚҚ-ның қандай да бір кіші жобасын немесе Аға Ғылыми Қызметкерлер Тобының қандай да бір кіші жобасын білдіреді.

42. «Кіші жобаны жүзеге асыру үшін берілетін грант» АФҚТ үшін қандай да бір грантты, КФҚТ үшін қандай да бір грантты, Постдокторанттардың (PhD) зерттеулері мен тренингтерін қолдауға арналған қандай да бір грантты, ӨСК үшін қандай да бір грантты және ИИК үшін қандай да бір грантты білдіреді.

43. «Технологиялық жеделдету кеңсесі» Қарыз алушы өзінің меншікті қаражатынан, сондай-ақ Қарыз қаражатынан қоса қаржыландыратын және Қарыз алушы аумағының шегінен тыс жерлерде орналасқан қандай да бір кеңсені білдіреді, оның міндеті Қазақстан технологиялық компанияларының маркетингтік және технологиялық әлеуетін арттыру болып табылады.

44. «Технологиялар трансферті кеңсесі» Қарыз алушының бүкіл аумағында техникалық білімдер мен әлеуетті беруге жәрдемдесу мақсатында ұйымдастырылған Қазақстан университеттерінде бар қандай да бір кеңсені білдіреді.

45. «Тенге» Қарыз алушының заңды ұлттық валютасын білдіреді.

46. «Оқыту» Банк мақұлдаған тіркеу алымдарын, білім алушылар мен оқытуға қатысушылардың жол жүргүре және тәуліктік шығыстарын, оқу материалдарына, үй-жайлар мен жабдықтар жалдауға шығыстарын және тренингтерге байланысты басқа да шығыстарды қоса алғанда, оқыту семинарлары, танысу сапарлары мен жергілікті жерлердегі оқытулар сияқты Жобаның шеңберінде оқыту жөніндегі іс-шараларға байланысты барлық шығыстарды (консультациялық қызметтерге шығыстардан басқа) білдіреді.

## **II бөлім. Жалпы Шарттардағы өзгерістер**

Осымен Жалпы Шарттарға мынадай өзгерістер енгізіледі:

1. Мазмұнында Бөлімдерге сілтемелер, олардың атаулары мен нөмірленуі төменде көзделген өзгерістерді көрсету үшін өзгереді.

2. 3.01 бөлімге (*Біржолғы комиссия*) мынадай өзгеріс енгізіледі:  
«3.01 бөлім *Біржолғы комиссия*; Резервке қою комиссиясы

(а) Қарыз алушы Банкке Қарыз туралы келісімде көзделген мөлшерлеме бойынша Қарыздың сомасына қатысты Біржолғы комиссияны (*«Біржолғы комиссия»*) төлейді.

(б) Қарыз алушы Банкке Қарыз туралы келісімде көзделген мөлшерлеме бойынша Қарыздың алынбаған қалдығына қатысты резервке қойғаны үшін комиссия (*«Резервке қою комиссиясы»*) төлейді. Резервке қойылған үшін комиссия Қарыз туралы келісім күнінен кейінгі 60 күн өткен күннен бастап Қарыз алушы Қарыздың шотынан соманы алған немесе оның күшін жойған кездегі тиісті күн аралығына есепке жазылады.

Резервке қойылғаны үшін комиссия жартыжылдық негізде әрбір кезеңнің аяғындағы  
әрбір Төлем күніне төленуге тиіс».

3. «Анықтамалар» деген қосымшада бөлімдер мен тармақтардың нөмірлеріне жасалған барлық тиісті сілтемелер жоғарыдағы 2-тармақта көзделген өзгерістерді көрсету үшін қажеттігіне қарай өзгереді.

4. Қосымшаға кейінгі барлық тармақтардың нөмірленуі тиісінше өзертіле отырып, «Резервке қойылғаны үшін комиссия» деген келесі анықтамамен жаңа 19-тармақты қосу арқылы өзгеріс енгізіледі:

«19. «Резервке қойылғаны үшін комиссия» 3.01(б) бөлімінің мақсаттары үшін Қарыз туралы келісімде көзделген резервке қойылғаны үшін комиссияны білдіреді».

5. Қосымшаның қайта нөмірленген 49-тармағында (бастапқы 48-тармақ) «Біржолғы комиссия» анықтamasы 3.01-бөлімінің сілтемесін 3.01 (а) бөліміне ауыстыру жолымен өзгертулген.

6. Қосымшаның қайта нөмірленген 68-тармағында (бастапқы 67-тармақ), «Қарыз бойынша төлем» деген терминнің анықтamasы былайша өзгертилген:

«68. «Қарыз бойынша төлем» Қарыздың алынған қаражатының, сыйақының, Біржолғы комиссияның, Резервке қойылғаны үшін комиссияның, мерзімі өткен төлем үшін пайыздық мөлшерлеменің (егер ондай болса), қандай да бір сомасын мерзімінен бұрын өтеу үшін қандай да бір айыппұлды, айырбастау үшін немесе айырбастауды мерзімінен бұрын тоқтату үшін қандай да бір операциялық алымды, ауыспалы спредті тіркеу үшін төлемді (егер ондай болса), пайыздық мөлшерлеменің тіркелген жоғарғы немесе төменгі шегін белгілегеннен кейін төленуге тиіс қандай да бір сыйлықақыны және шарттардың өзгеруіне байланысты Қарыз алушының төлеуіне жататын барлық шығыстарды қоса алғанда (бірақ шектелмesten), зандық келісімдерге немесе осы Жалпы Шарттарға сәйкес Қарыз Тараптарының Банкке төлеуге тиіс кез келген сомасын білдіреді.».

7. Қосымшаның қайта нөмірленген 73-тармағында (бастапқы 72-тармақ), «Төлем күндері» анықтamasы «пайыз» деген сөзден кейін «болып табылады» деген сөздерді алып тастау және «және Резервке қойылғаны үшін комиссия» деген сөздерді қою арқылы өзгертилген.

Осымен 2015 жылғы 9 маусымда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) осы аудармасы ағылышын тілдегі мәтініне сәйкес келетінін қуәландырамын.

Қазақстан

Қаржы

Құжат

Республикасы

министрлігі

аяналымы

департаментінің Құжаттарды редакциялау  
және лингвистикалық сараптау  
басқармасы басшысы Б. Ахметжанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК